

**2024 жылғы қыркүйектен 2025 жылғы қыркүйекке дейінгі кезеңге
мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметтің есебі**

ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауылшаруашылық колледжі» КМҚК (бұдан әрі – колледж) жеті мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау;
3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау;
6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну;
7. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру.

Қызмет алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен тәсілі туралы ақпараттандыру үшін колледж ғимаратында стенд бар. Колледж сайтында (<http://kchk.kz/>) мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен тәсілдерін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер орналастырылған.

Колледж ұсынатын мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

Колледж 2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың қыркүйегіне дейін **836** мемлекеттік қызмет көрсетті, атап айтқанда:

1. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру – **24** қызмет көрсетілді, оның ішінде – **1** қызмет көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы (колледж); ХҚКО, мемлекеттік корпорация арқылы – **11**; www.egov.kz «Электрондық үкімет» порталы арқылы – **13**; бас тартылды – **3** (egov.kz порталы).
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – **285** қызмет көрсетілді, оның ішінде – **285** қызмет АЗАМАТ ақпараттық жүйесі арқылы; бас тартылды – **1** (ИС «АЗАМАТ»).

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру – 7 қызмет көрсетілді – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы (колледж);
 4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау 29 қызмет көрсетілді, оның ішінде – 23 қызмет көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі (колледж) арқылы; 6 – қызмет АЗАМАТ ақпараттық жүйесі арқылы; бас тартылды – 1 (ИС «АЗАМАТ»).
 5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау – 15 қызмет көрсетілді; оның ішінде – 1 қызмет көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы (колледж); 14 – қызмет ақпараттық жүйесі арқылы.
 6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай – ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну – 454 қызмет көрсетілді, оның ішінде – 454 қызмет АЗАМАТ ақпараттық жүйесі арқылы;
 7. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру – 22 қызмет көрсетілді – қызметті берушінің кеңсесі (колледж) арқылы.
- Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуы анықталған жоқ. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар тіркелген жоқ.
- Колледжде тұрақты негізде ақпараттық жүйелерден алуға болатын көрсетілетін қызметті алушылардан құжаттарды талап етуге жол бермеу, көрсетілетін қызметті алушылардан артық құжаттар топтамасын талап ету және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартымен регламенттелмеген көрсетілетін қызметті алушылардан құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну бойынша жұмыс жүргізіледі.

«Қостанай ауылшаруашылық
колледжі» КМҚК директоры



М.Баймагамбетов

Орынд. Кокишева Ж.Ж.
87145521566